

ӘОЖ 28-11

С.У. Абжалов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: sultano81@mail.ru

Ханафи Мазһабының қалыптасуы мен ілімдік ерекшелігі

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында қоғамдық өмірдің барлық саласында түбегейлі өзгерістер орын алды. Көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуі мемлекеттің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті екендігін дәлелдеді. Өзгерістер рухани салаға да өз әсерін тигізді. Ұмыт болған дәстүрлер мен рухани мұралар қайта жаңғырып, ғылыми зерттеу нысанына алынды. Дегенмен, күрделі мәселелер жоқ деп айту ерте. Жалпыға белгілі, республикадағы діни жағдай күрделі, бұл жағдайға қоғам тарапынан және ғалымдар тарапынан алаңдаушылық туындауда. Тарихи тұрғыдан Қазақстан мұсылмандары сунниттік исламдағы ханафи мазһабын ұстанып келеді. Бұл бағыт өзінің жергілікті салт-дәстүр мен әдет-ғұрып нормаларына төзімділігімен ерекшеленеді, сондай-ақ қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды есепке алып, санасатын мазһаб. Ханафи мазһабының дәстүрлі діни философиялық тұғырларын аша отырып, біз халық руханилығының тереңдеріне бойлай аламыз және әлеуметтік, рухани өмірдегі құбылыстарды дұрыс түсінуге қол жеткіземіз. Ханафи мазһабы тек исламдағы жетекші құқықтық мектеп қана емес, сонымен бірге осы мазһабтың өкілдері «ақида» мәселелерін түсіндіру арқылы сунниттік кәламның қалыптасып жүйеленуіне өз үлестерін қосқан. Ханафиттік ақидалық көзқарастарды Имам Матуриди және оның ізбасарлары жалғастырып, одан әрі дамытқан.

Түйін сөздер: Әбу ханифа, мазһаб, ижтиһад, кәлам, сунна, ақида.

S.U. Abzhalov

The Formation of the Hanafi School and peculiarities of religious teachings

It was more than ten years that Kazakhstan has existed as sovereign and independent country. During these years the deep and fundamental changes were taken place in all branches of our society. Kazakhstan has become as a thoroughly developed country and showed its aptitude of being in a competition on the international level. The works of spiritual heritage which had gone to the bottom of the history were reconstructed and met its worthy inheritors. Though there not few problems taken place in the society. It is known from the facts that the present religious situations are as complex as many-sided in Kazakhstan. Kazakhstanese muslims are the mazhab holders of Abu Hanifa in Islam studyings. But this direction is more tolerantly, satisfied and it is also the trend that agreed with the local rules of traditions and customs, habits, traditional standards. It is one of the research works devoted to analysis of the native religion as considered the religious-philosophical foundations of Islam's Hanafi mazhab. The research work is showed the necessary traditional positions from the point of philosophy for the sake of spiritual reason of Kazakh people what was developed from the necessity of our society and it was considered as the actual new theme. Hanafi mazhab was one of the legal schools of Islam and it made a great influence to the systematization of sunnet science with its saying concerning the foundations of "akida". Here the role of Imam Agzam Abu Hanifa was important. The foundations of Hanafi "akida" concerned sunnet schools were continued and developed through Maturidizm.

Keywords: Abu Hanifa, mazhab, ijtihad, kalam, sunnah, akida.

С.У. Абжалов

Становление ханафитского мазхаба и особенности религиозного учения

За годы независимости в Казахстане произошли кардинальные перемены во всех областях общественной жизни, что обеспечило достижение намеченных целей и задач и доказало конкурентоспособность страны на международном уровне. Перемены коснулись и духовной сферы. Многие забытые традиции и духовное наследие веков были возрождены, стали предметом научного анализа и исследования. Однако говорить о том, что в обществе нет проблем еще рано. Общеизвестна сложная религиозная ситуация в республике, вызывающая определенную тревогу общественности и ученых специалистов. Исторически мусульмане Казахстана придерживались ханафитского мазхаба в суннитском исламе. Это направление отличается толерантностью, терпимостью к местным обычаям и традиционным нормам права, т.е. учитывает специфику сложившихся социальных отношений. Раскрывая философские стороны традиционных религиозно-мировоззренческих устоев ханафитского мазхаба, мы проникаем в глубинные пласты духовности народа, сможем правильно понять и оценить многие явления социальной и духовной жизни. Ханафитский мазхаб является не только одним из ведущих правовых школ ислама, но и наряду с правовыми вопросами представители данного мазхаба, освещая вопросы «акиды», внесут свою лепту в развитие и систематизацию суннитского калама. Ханафитские воззрения на «акиду» продолжили Имам Матуриди и его последователи.

Ключевые слова: Абу ханифа, мазхаб, иджтихад, калам, сунна, акида.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына 20 жылдан асты. Осы жылдар аралығында біздің қоғамымыздың барлық салаларында дерлік терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Тарихтың тереңіне кеткен рухани мұра туындылары қайта жаңғырып, өзінің лайықты мұрагерлерін тапты. Дегенмен қоғамда орын алып отырған мәселелер де жоқ емес. Қазақстандағы қазіргі діни ахуалдың күрделі әрі сан-салалы екендігі деректерден белгілі болып отыр [1].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары адамдардың ойы мен санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені байқалды. Қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әр түрлі діни идеялар толтыруға тырысып бақты. Алыстай қоймаған өткенінде дінсіз мемлекет идеясын ұстанған елдің тығырықта тұрғанын ұтымды пайдаланған шетелдік миссионерлер өз тамырын жіберіп үлгерді. Бұл діни идеялардың Қазақстан халықтарының рухани сезімдерімен үйлесетіндері де, үйлеспейтіндері де бар. Әйтсе де, қазіргі таңда қазақ қоғамы діни ұйымдардың оңды-солына баға беруге қабілетті болды. Бұл бағытта бірқатар маңызды шаралар жүргізілуде. Жуырда Елбасының тікелей жарлығымен Дін істер жөніндегі агенттік құрылды. Аталған мекеме өз жұмысын діни қызмет және діни

бірлестіктер туралы жаңа заңды қабылдатудан бастады. Бұл заңның алдыңғы заңнан ерекше тұсы – «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни наным-на қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады» деп көрсетуі [2].

Қазақстан мұсылмандары ислам тағылымындағы Әбу Ханифа мазхабын ұстанушылар. Бұл бағыт суннизмдегі басқа мазхабтарға қарағанда барынша толерантты, жергілікті әдет-ғұрып, салт-дәстүр заңдарымен санасатын ағым. Ханафи мазхабы басқа діни мектептермен салыстырғанда өз жамағатына көп жеңілдік беруімен ерекшеленеді.

Исламдағы бір мазхабта болу мен ұстанудың басымдылығы – халық біртұтас, бірлік пен ұйымшылдық ішінде болады. Орталық Азия мен Қазақстан территориясында қанша ғасырлардан бері діни қактығыстардың болмауының астарында осы нәрсе жатыр. Өйткені, құлшылық

амалдарының бір болуы ондай жат пиғылдың тууына жол бермейді. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының ресми түрде насихаттап отырған мазһабы Ханафи мазһабы болып табылады. Десек те, қазіргі таңда Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігі ұстанып отырған осы мазһаб туралы ғылыми еңбектер тым аз. Ішінара танымдық деңгейде жазылған кейбір еңбектерді айтпағанда, арнайы зерттеу жұмысы жоқтың қасы. Қоғамда туындаған осы қажеттілікті қанағаттандыру тұрғысынан және Қазақстанда жаңадан қалыптасып келе жатқан дінтану, исламтану ғылымының сұранысын ескерсек, осы мәселеге байланысты зерттеу жұмысын жүргізудің өзектілігі даусыз.

«Ханафи мазһабының қалыптасуы мен даму жолдары»

Мазһаб дегеніміз «жол, баратын жер» деген мағынаны білдіреді. Ислам терминологиясында діннің негізгі (асл) немесе туынды (фәр) үкімдерінің сүйенген негіздерін анықтап, бұларды түсіндіріп, жүйелеуде ғалым саналған тұлғалардың көзқарастарының жиынтығы немесе дүниетанымдық жүйесі [3] болып табылады. Анықтамадағы негізгі (асл) үкімдер діннің сенім негіздерін, туынды үкімдер (фәр) діннің ғибадаттар мен адамдар арасындағы қатынастарын білдіреді. Сенім негіздерін зерттейтін мазһабтарды иғтикади, алқалғандарын фыкһ мазһабтары деп бөлеміз. Басқаша айтқанда діннің теориялық жағымен ақида (иғтикади) мазһабтары, практикалық жағымен фыкһ (құқықтық мектептер) мазһабтары айналысады.

Алғашқы дүниетанымдық әрекеттердің қалыптаса бастаған кезінде ислам қоғамы жалпы сенім ғибадат, саяси тұрғыдан алғанда тұрақтылық пен ауызбіршілікте болатын. Осы қоғамда өмір сүрген исламның бірсыпыра ғалымдарының көзқарастары мен діни ұстанымдары сол дәуірдегі исламға қарсы ағымдармен идеологиялық күресте айқындалып жүйеленген. VIII-IX ғасырларда Хасан-Басри, Әбу Ханифа, Имам Малик, Имам Шафи, Ахмед ибн Ханбал сияқты ғалымдар осы мәселе төңірегінде салмақты ойлар айттып, ауқымды еңбектер жазған ғалымдардан саналады. Бұлардан Ахмед ибн Ханбалдың жетекшілігіндегі Салафия деген бағыт Құран мен Сүннетті басшылыққа ала отырып исламға жат ағымдарды қатаң сынға алады. Алайда сала-

фия бағыты мутазилиттермен күресте дәрменсіз болып шықты. Мұны байқаған ғалымдар енді олармен солардың өз әдістерін қолдану арқылы күресу жолын таңдады. Бұл әрекет Матуридия және Ашария деген екі бағытта жүріп отырды, осылайша әһли-сунна вал-жамаға қаламы қалыптасты. Салафилер бұл екі мектептің (мазһабтың) дамуы барысында солардың ішінде сіңіп кетеді. Бірлі жарым ғалымдары болмаса, салафия негізінен өз ықпалын жоғалтады. Соңғы кезеңдерде салафилік бағыт Тақиуддин ибн Таймия, Ибн Жаузи, Ибн әл-Вәзир, Шәуканилер тарапынан өз жалғасын тапты және Уаххабилік әрекетімен ерекше дүниетанымдық кейіпке енеді.

Әбу Ханифаның жолын жалғастырушы ретінде Мәуреннахрда Әбу Мансур әл-Матуридидің басшылығындағы Матуридия мазһабы қысқа уақытта жеке мектеп ретінде әрекет етеді. Бұл мектеп әһли сунна уәл-жамағаның сенім жүйесін (ақидасын) жасаған, әрі көпшілік тарапынан қолдау тапқан мазһабтардың бірі болып табылады. Келесі бір сунниттік мазһаб – негізін Әбу Хасан әл-Ашари қалаған Ашариттік мазһаб. Бұл мазһабтың Матуридия мазһабынан аса үлкен айырмашылығы жоқ. Ашариттік сунниттік мазһабтың сенімдік жағын (ақида) жүйелеген, әрі көп таралған мазһабы. Қазіргі таңда ислам әлемінің түгелі сенімдік (ақида) жағынан әһли сунна жолын ұстанады. Тек шииттер және кейбір ұсақ ағымдар басқаша сенімде.

Исламдағы мазһабтар (фыкһ және иғтикади) көп жағдайда сол мазһабты құрған, негізін салған адамның есімімен аталатын болған. VII-VIII ғасырларда орталығы Куфа қаласы болып табылатын Ирак аймағында басталып, кейінгі ғасырларда дамып жайыла түскен Ирак фыкһына және осы фыкһтың методологиясын, діни ілімі мен жүйесін қалыптастырған Имам Ағзам Әбу Ханифаның есімімен байланыстырылып Ханафи мазһабы деген атау берген. Исламдағы құқықтық дүниетанымның және ижтиһад түсінігінің дамуына үлес қосқан Әбу Ханифа көбіне Имам Ағзам деген атпен танымал болған. Ол 699 жылы Куфа қаласында өмірге келген. Оның шыққан тегі туралы тарихи деректер әр түрлі мәліметтер береді. Біреулер оны парсы десе, келесі біреулер түркі тектес деген пікірлерді алға тартады, бірақ араб емес екені анық.

Ханафи мазһабының қалыптасуы Әбу Ханифадан бұрын Ирак аймағында қалыптасқан «Рәй мектебімен» тығыз байланысты. Сөздікте мәні «жеке көзқарас, ой және тоқтам» деген мағыналарға келетін «Рәй» сөзі фыкһ терминологиясында «мужтаһидтің діни мәселені шешу барысында Құран және Сүннеттен дәлел табылмаған жағдайда белгілі бір әдістерге сүйене отырып, ортаға қойған жеке көзқарасы» деген мағынада қолданылады [4]. Бұл жердегі басты талап, мәселені шешу барысында соңғы негіз ретінде Құран мен Сүннетті басшылыққа алу болып табылады. Яғни алынған шешім исламның негіздеріне қайшы келмеу керек.

Ибраһим ән-Нахаидің әдістері мен көзқарастары шәкірті Хаммад ибн Әбу Сулейман арқылы Әбу Ханифа нәсіліне жеткен және Әбу Ханифа мектебінің фыкһына үлкен әсер еткен. Сахаба және табиун кезеңінде Иракта басталған Құран және Сүннетке негізделген діни білімді Рәй және ижтиһадпен байытып, толықтыру жолындағы әрекет VIII ғасырдың орта тұсында Әбу Ханифа және оның шәкірттерінің еңбектерінің арқасында бір жүйеге келтіріліп, жеке мектепке айналғанын айтуға болады. Әһли-Рәй немесе Ирак фыкһы өзінің осы ерекшелігімен Хижаз фыкһына қарсы бір мектеп ретінде саналған. Мәдинадағы Хижаз мектебін «Хадис мектебі» (Әһли-Хадис) деп те айтады. Бұл мектептің ерекшелігі – белгілі бір діни мәселенің шешімін табуда барынша Құран мен хадистерге сүйеніп, жеке көзқарас (Рәй) пен ижтиһадтан барынша алшақ тұруында. Тек ешқандай дәлел табылмаған жағдайда ғана ақылға жүгінуге мәжбүр болады. Ал «Рәй мектебінің» ерекшелігі, оның өкілдері көп жағдайда хадистерден дәлел іздеуге құлықты емес және жеке көзқарастарын кеңінен пайдалануында. Егер көзқарастарына қатысты бір сахих (рас) хадис табылып жатса, олар пікірлерінен қайтып, хадисті дәлел ретінде алады. Методологиялық ерекшеліктеріне байланысты Рәй мектебі әлсіз хадистерді қабылдамайды. Өйткені, мұндай хадистердің жалған болу ықтималдылығы жоғары деп есептейді. Ал, Хадис мектебі жеке көзқарастан осы әлсіз хадистерді жоғары қояды.

Ирак аймағында Ибраһим ән-Нахаи, Хаммад және Әбу Ханифа кезеңдерінде «Рәй» әдісін кең қолдану кездейсоқтықтан туындаған жағдай емес. Рәй мектебінің қалыптасуын сол аймақтың өзіне тән діни дәстүрі және әлеуметтік-құқықтық

қатынас ерекшеліктерінің де әсері болған. Мұсылмандардың қол астына өткен тұста Ирак этникалық, мәдени және діни тұрғыдан алғанда сан-алуан сипатта еді. Ирак жері, оның ішінде Куфа қаласы Омейядтар халифаты кезеңінде сан-алуан мәдениеттермен және өркениеттермен тығыз байланыста болған. Мұнда әртүрлі ұлттар мен ұлыстар, діндер мен әлеуметтік және дүниетанымдық ағымдар қабаттасып, араласып жатқан еді. Жалпы мазһабтардың қалыптасуына әсер еткен ішкі және сыртқы факторлардың барлығын талдай келе, Ханафи мазһабының қалыптасуы мен дамуында маңызды себептер ретінде Әбу Ханифаның шәкірттерінің қызметі, мазһабтың құқықтық негіздерінің жүйеленуі, ресми мазһаб ретінде қабылдануы сияқты себептерді атап өткен жөн.

Ханафи мазһабының құрылуы мен таралуында Әбу Ханифадан сабақ алған және оның ғылыми кеңестеріне қатысып жүрген шәкірттері мен дос-жарандарының еңбектері зор болды. Әбу Ханифаның шәкірттері сол кездегі Ислам әлемінің бірнеше аймақтарында өмір сүрді. Олардың үлкен бір бөлігі өз аймақтарында ғылыми мәжілістер ұйымдастырып, шәкірт дайындады, қазы болып қызмет атқарды. Бұл тікелей немесе жанама жолдар арқылы Әбу Ханифа негіздеген Ирак фыкһының Исламның жаңадан орныға бастаған аймақтарында танылып, жайылуын қамтамасыз еткен.

Ханафи мазһабының құрылып, жайылуының тағы бір себебі Әбу Ханифа мен оның шәкірттері қалыптастырған фыкһ ғылымының өз уақытында жинақталып қағазға түсірілуі және бұл әрекеттің бұдан кейінгі уақыттарда да жалғасып отырғандығы болып табылады.

Харун Рашидтен бастап Аббаси халифаларының бас қазылық қызметіне Ирак фыкһ мектебінің өкілдерін басқаша айтқанда Ханафи мазһабының факиһтерін тағайындауы Аббаси билігі аумағында, әсіресе Ирак, Иран, Хорасан және Батыс Түркістанда осы мазһабтың кең танылып, қанат жаюында маңызды рөл атқарды.

Аббасидтерден кейін Ханафи мазһабының таралуында Селжук және Османдықтар мемлекетінің рөлі үлкен болды. Селжук билеушісі Тұғрул Бейдің Нишапур, Исфахан, Хамадан секілді ханафиликтің аз танылған аймақтарында ханафи қазыларды тағайындауы мазһабтың жайыла түсуіне жағдай жасайды. Османдықтар бүкіл діни мәселелерді осы

мазһабқа сүйеніп шешіп отырған және бұл мазһаб мемлекеттің саясатында да маңызды орынға ие болған. Ханафи мазһабы көбіне араб емес қауымдар арасында кеңінен таралған. Мұның басты себебі – ханафиликтің ислам дінінің практикалық жағын түсіндіруде Рәй мен ижтиһадты бірінші орынға қойып, араб қоғамына тән дәстүрлерді жеңілдетіп, ислам ілімі мен әдет-ғұрпын басқалардың оңай түсініп, қабылдаулары үшін ыңғайланған дүниетанымдық жүйені қалыптастырғандығында.

Қазіргі таңда әлемдегі мұсылмандардың шамамен үштен екі бөлігі ханафи мазһабында болып табылады. Егер нақты деректерге сүйенетін болсақ қазіргі уақытта Түркия, Балқандар, Босния, Қырым, Әзірбайжан, Кавказ; Қазан, Уфа, Сібір және Орта Азия Түркілері, Қытай-Жапон мұсылмандары, Ауғанстан, Үндістан, Пакистанның көпшілігі ханафилер. Йемен, Хижаз Мысыр, Палестина, Жазаир және Тунисте ханафилердің қатары аз мөлшерде, ал Эфиопия, Сирия және Иракта бұларға қарағанда көбірек [5].

«Ханафи мазһабындағы ижтиһад философиясы»

Сөздікте «қайрат көрсету, бүкіл күшін жұмсау, алған бетінен қайтпау, қиыншылық көру» деген мағынадағы «ж-һ-д» түбірінен шыққан ижтиһад «бір мәселеде қолдан келген қайратты көрсету, қол жеткізу үшін бүкіл күшті жұмсау» дегенді білдіреді [6]. Ижтиһад, насстардың (Құран мен Сүннет) ішкі-сыртқы мағыналарында жасырын жатқан діни үкімдерді ортаға шығаруға бағытталған адамның күш-жігерін, талпынысын білдіреді. Бұл талпынысты жасаған адамды мужтаһид дейді. Ижтиһад жасау Хз. Мұхаммед пайғамбар дәуірінен басталып сахаба, табиун және атақты мужтаһидтер кезінде де жалғасын тапқаны тарихтан белгілі. Ижтиһад, Құран және Сүннеттен шешімі табылмаған мәселелерді ақылға салу арқылы адамның жеке көзқарасына сүйеніп, жағдайдан шығу дегенді білдіргендіктен өзіндік бір ой қорыту, дүниетаным және көзқарас болып табылады. Ақылдың қызметіне сүйенген көзқарас болғандықтан ижтиһад тікелей болмаса да, жанама түрде бастауын Құраннан алады. Өйткені Құранда мұсылманды ойлануға, әлемдегі ерекше тәртіппен орналасқан дүниелерге қарап ғибрат алуға, ақылдарын қолдануға шақыратын аяттар

өте көп. Тек қана ойлануға қатысты 65-аят бар [7]. Сондай-ақ елуден астам «ақыл» деген сөз, он бір жерде «ақыл иелері» деген сөздер айтылады.

Мұсылман ғұламаларының басым бөлігі ижтиһад жасауды әрбір мұсылман үшін парыз деп санады. Алайда мұсылмандардың барлығы бірдей қабілетке ие емес. Ижтиһад жасау үшін діни ғылымдарды терең меңгеру шарт. Ханафи мазһабындағы ижтиһадқа келер болсақ, Әбу Ханифа тікелей бұл мәселеге қатысты еңбек жазып қалдырмаған. Оның ижтиһад әдісін шәкірттері жеткізген. Әбу Ханифаның ижтиһад әдісін қысқаша былай көрсетуге болады. Кітап (Құран), Сүннет, сахаба сөзі, қияс, әдет-ғұрып және басқа ақылға негізделген дәлелдер.

Әбу Ханифа өзіне дейінгі және өзінен кейінгі мужтаһид ғалымдармен салыстырғанда қияс әдісін көп қолданған. Ханафи мазһабында Құран және Сүннеттен кейін діни үкім шығарудың үшінші формасы «*ижма*» келеді. Сөздік мағынасы бірнәрсені біріктіру, жинақтау, бір мәселе бойынша ой бірлігін жасау дегенді білдіреді. Ижманың діни әдебиеттердегі терминдік мағынасы «Мұхаммед үмметінің (мужтаһидтер) оның өлімінен кейінгі келетін замандарда діни бір мәселенің үкімін беруде ауызбіршілік етулері» деп көрсетілген.

Пайғамбардың өлімінен кейін сахабалардың алдарындағы туындаған мәселелерден шығар жалғыз жол, Құран мен пайғамбардың сүннетін жақсылап түсіну және түсіндіру болды. *Ижтиһад* деп аталатын бұл ой әрекетін пайғамбардың өзі тірі кезінде насихаттап, дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз еткен болатын. Ислам құқықшыларының басым көпшілігі ижманы шарифатта дәлел ретінде қабылдайды және оны діни үкімдер иерархиясында, жоғарыда айтқанымыздай Құран мен Сүннеттен кейінгі орынға қояды.

Бүкіл мазһабтарға ортақ діндегі төртінші дәлел «қияс» болып табылады. «Қияс» сөздікте бір нәрсенің басқа бір нәрсемен өлшенуі, салыстырылуы, екі нәрсені бір-бірімен теңестіру деген мағыналарға сәйкес келеді. Терминологиялық анықтамасы «Кітап, Сүннет немесе Ижмада үкімі табылмаған мәселеге, араларындағы ұқсастықтарына, ортақ ерекшеліктеріне қарай, аталған қайнар көздердегі орын алған мәселенің үкімін беру» дегенді білдіреді [8].

Ислам құқығындағы келесі бір діни үкім шығарудағы әдіс «истихсан» болып табыла-

ды. Истиһсанның сөздік мағынасы бір нәрсені жақсы деп табу, жақсы көру дегенді білдіреді. Терминдік мағынасы «мужтаһидтің белгілі бір мәселені шешуде ижма, салт-дәстүр, қияс секілді арнайы және басым көрінген бір дәлелге сүйеніп, сол мәселеге ұқсас мәселелерде шарифаттың мақсатына анағұрлым сәйкес деп табылған басқа бір үкіммен үкім беру» болып табылады [9]. Истиһсанды Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің діни мәселелерді шешу барысында өте шеберлікпен қолданғандары және бұл әрекеттерінің кейбір ғұламалар тарапынан қолдауға, мақтауларға ие болғандығы, ал кейбіреулері тарапынан сынға ұшырағаны тарихи деректерден көрінеді. Тіпті, көпшілік истиһсанды тек қана Ханафи мазхабына тән әдіс ретінде қарастырады. Алайда истиһсан ұғымының ханафилермен қатар малики және ханбалилердің діни ілімдерінде де маңызды орынға ие болғаны, басқа мазхабтардың тек оның атауына ғана қарсы болып, әдіс ретінде олардың тарапынан да басқа атаулармен қолданылғанын деректерден көруге болады.

Ханафи мазхабындағы діни үкім шығаруда қолданылған келесі бір әдіс «әдет-ғұрып» болып табылады. Ханафи мазхабын басқа мазхабтардан ерекшелеп тұратын тұсы да осы әдет-ғұрыптарға қатысты жері болып табылады. Ханафи мазхабында шарифат үкімдерінің негіздерінің бірі болып табылатын әдет-ғұрып *фыкһ* терминологиясында былай көрсетілген: «Қоғамның дағдыға айналдырып, өмір салттарында басшылыққа алатын сөздері мен іс-әрекеттері» [10].

Әдет-ғұрыптардың шарифат негіздеріне қайшы келетін жағдайда дәлел ретінде қолданылмайтыны, тіпті тиым салынуы туралы ислам ғұламалары арасында ауызбіршілік бар. Мысалы спирттік ішімдіктер ішу, құмар ойындарын ойнау, пайыз жеу сияқты іс-әрекеттер қоғамда әдетке айналған құбылыстар болғанымен, бұлар заман ағысына қарай өзгеріске ұшырамайтын, діни және қоғамдық кейбір жағымсыз іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында қойылған шарифат нормаларына қайшы келгендіктен, дұрыс әдет ғұрып ретінде қабылданбайды. Ислам ғұламалары әдет ғұрыптың дінде назарға алынуы үшін кейбір шарттар қойған: Бірінші шарт, әдет-ғұрыптың кеңінен қолданыста болуы керек. Егер үкім шығарылатын жердің халқы белгілі бір мәселе бойынша әртүрлі әдет-ғұрыптарды

ұстанатын болса, ортақ қолданыста жоқ болса, онда ол әдет-ғұрыпты негізге алып діни үкім шығармайды. Екінші шарт, төреші рөлін атқаратын әдет-ғұрыптың сол мезетте бар болуы қажет. Үкім шығару кезінде бір әдет-ғұрып бар болып, кейін ол өзгеріп кетсе, үкім беретін кезде қолданыста болған әдет-ғұрып негізге алынады.

Байқап отырғанымыздай ислами үкімдер шығаруға әдет-ғұрыптың маңыздылығы Ханафилікте алғашқы орынғашыққан. Әбу Ханифаның Құранда және Сүннетте, сахабалардың тәжірибесінде үлгісі табылмаған мәселелерде сахих (дінге қайшы келмейтін) әдет-ғұрыптарға діни пәтуа негіздерінен бірі рөлін беруі ислами үкім шығаруды жеңілдетумен бірге, оның мазхабын Аббасидтердің *фыкһ* мазхабы болуына ең ыңғайлы мазхаб дәрежесіне әкелген. Үлкен бір аймақты билеп отырған халифат аймақтағы ерекшеліктер мен қажеттіліктерді бақылап отыратын бір құқықтық жүйеге мұқтаж болды. Қазы болатын адамға қызметіне баратын жерінің әдет-ғұрыпын, аймақтың ерекшеліктерін білуді басты шарт ретінде қойылған. Ханафилік өзінің *фыкһ* әдісі тұрғысынан аталған қажеттіліктерге жауап беруге ең лайықты, ең ыңғайлы мазхаб еді. Осының табиғи бір нәтижесі ретінде ол Аббасид халифатының ресми мазхабы болды және шамалағанда бес жүз жылдай қоғамдық тәжірибеде әлеуметтік-құқықтық қатынастарды реттеуде кеңінен қолданылды [11].

«Ханафилердің хадис және сүннетке қатысты көзқарастарының ерекшелігі»

Хз. Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен үлгілі, өнегелі іс-әрекеттерін білдіретін Хадис және Сүннеттің Ислам діні мен мәдениетінің басты қайнар көздері екендігі дау туғызбайды. Негізгі қайнар көз (бұлақ) Құран-Кәрімді түсінуде Хз. Мұхаммед пайғамбардың айтқандары мен іс-әрекеттері өте маңызды. Алайда Ислам тарихында Хадис пен Сүннет төңірегінде ортаға шыққан талас-тартыстар кейбіреулердің бұл қайнар көздерге күдікпен қарауына себеп болған. Мәселеге қатысты дау пікірталастардың маңызды бір бөлігі хабарлардың Хз. Мұхаммедке қатыстылығына байланысты болса, келесі бір бөлігі Сүннетті түсіну мен оны тәжірибеде қолдануға қатысты болған.

Әбу Ханифа мазхаб имамдарының арасында хадистерді сынауда Құранға негіздеу әдісін кең қолданған адам. Әбу Ханифа бұл әдісті көбіне

даулы мәселелерде өзінің ұстанымын дәлелдеу үшін қолданды. Егер ұтымды қолданылған жағдайда, мұндай әдістің деректерді талдауда маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Оның бұл әдіспен, негізінде сенімді емес әлсіз хадистерді Құранның таразына салғаны байқалады. Ибн Хазмның айтқанындай «шындығында Құранға қайшы сахих (дұрыс, ақиқат) бір хабардың болуына мүмкіндік жоқ» [12]. Алайда Әбу Ханифаның өмір сүрген кезеңі саяси, әлеуметтік және мәдени қақтығыстарға толы болғандығын және сонымен қатар жалған хабарлардың (хадис) көптеп шығарылып, қолданысқа енгізіле бастағанын есепке алсақ, қоғамдық өмір мен діни теорияда Құран секілді өзгермеген бір мәтінді төрелікке алу қажеттілігінің туындағаны анық көрінеді. Ханафилер хадис және сүннетті басшылыққа алу барысында төмендегі жәйттерге ерекше мән берген:

– Құранға сәйкестік: Ханафилердің Құранға сәйкестік мәселесі сахабалар заманынан тәжірибеде қолданылған жағдай болып табылады. Сонымен қатар бұл, басқа мазһабтардың да қабылдаған әдісі. Бұл мәселеде Әбу Ханифаның айтқандарына назар аударайық: «Алланың елшісі, Алланың кітабына қарсы келмейді. Алланың кітабына қарсы шыққан Алланың елшісі бола алмайды. Пайғамбардан Құранға қайшы хадис айтқан адамды терістеу, пайғамбарды терістеп, жоққа шығару емес. Бұл тек қана пайғамбардан дінге қайшы хадисті айтқан адамды терістеу болып табылады. Кінә сол адамдікі, пайғамбардікі емес... » [13]. Әбу Ханифаның осы сөздерінен анық көрініп тұрғандай, оның хадистерді мәтіндік, мазмұндық жағынан талдауда басшылыққа алған ең маңызды нәрсесі Құранға сәйкестік мәселесі болып табылады. Оның шәкірттерінде де осы мұқияттылық байқалады.

– Адамға берілген маңыз: Басқа мазһаб имамдары мен ғұламалары арасында адамға мән берген және адами құндылықтарды мүмкіндігінше алдыңғы қатарға шығаруға тырысқан Әбу Ханифа болған. Әр түрлі мәселелердің шешіміне қатысты пікірлерін мұқият талдағанда оның күдікті жағдайларда дүре соғу және басқа осыған ұқсас ауыр жазаларды қолданудан қашқаны, құлдарды қорғайтын үкімдер шығарғаны және мұсылман еместердің құқықтары жайында ықтияттылықпен әрекет еткені байқалады. Бұл жерде осы мәселеге қатысты мына мысалды алайық: Жазалардың күдікті жағдайларда

орындалмайтындығына байланысты Имам Мұхаммед былай дейді: «Әбу Ханифаның Хаммадтан, оның Ибраһимнен хабар беруіне қарағанда, Хз. Омар айтыпты: «мүмкіндігінше мұсылмандардан жаза беруді алып тастауға тырысыңдар. Өйткені имамның кешірімде қате жасауы, жаза беруде қателесуінен абзал. Мұсылман үшін бір шығар жол тапсаңыз, одан жазаны алып тастаңыз». Бұл Әбу Ханифаның және біздің көзқарасымыз [14]. Әбу Ханифа көптеген мәселені осы принципке негіздеп шешіп отырған және адамдарға жаза беруде асығыстық жасамаған.

– Жеңіл және ең ыңғайлысын алу: Адамдар үшін жеңіл және ең ыңғайлысын алып, сол арқылы үкім беру мазһабтың ең басты принциптерінің бірі және мұны фыкһ терминологиясында «истихсан» деп қабылдаған. Истихсан, қиясты тастап, адамдар үшін ең ыңғайлысын алу дегенді білдіреді. Жалпы истихсандағы басты негіз ауыр, қиын болғандарды тастап, жеңілдерді таңдау болып табылады. Діннің басты мұраты да осы. Құранда бұл туралы былай дейді: «Алла сізге жеңілдікті қалайды, қиыншылық емес» (Бақара, 185). Пайғамбардың да діннің ең абзалы жеңіл болғаны деген сөзі бар.

– Әдет-ғұрыпқа сәйкестік: Ханафи мазһабы басқа мазһабтардан діни-құқықтық тәжірибеде әдет-ғұрыптарды ескеруі, оларға мән беруі арқылы ерекшеленеді. Олар осыған дәлел ретінде «мұсылмандардың жақсы деп тапқандары Алла құзырында да жақсы, мұсылмандардың жаман деп тапқандары Алла құзырында да жаман болып табылады» [15] деген хадисті келтіреді.

«Ханафиліктегі сенімдік (ақида) мәселелер және олардың сунниттік каламның қалыптасуына ықпалы»

Имам Ағзам Әбу Ханифа фыкһ ғылымында үлкен ғалым болумен қатар ақайд (ислам сенім негіздері) және калам саласында да салмақты ойларын ортаға қойған ойшыл-ғұлама болып табылады. Оның көзқарастары көпшілік тарапынан қолдау тауып өзінен кейін исламдағы жеке мектеп ретінде қалыптасқан. Әбу Ханифаның ақайдқа қатысты көзқарастарын шәкірттері Әбу Юсуф, Әбу Мутий әл-Балхи және Әбу Муқатил әс-Самарқанди тарапынан хатқа түсіріліп, кейінгі ұрпаққа жеткізілген «әл-Алим уәл-Мутааллим», «әл-Фыкһул Акбар», «әл-Фыкһул Абсат», «әл-Рисала, әл-Уасия» деп аталатын трактаттары-

нан және басқа да мазһабтар тарихына қатысты кітаптардан көруге болады.

Ханафилердің ақайдқа қатысты көзқарастарын арнаулы әдебиеттеріне сүйене отырып төмендегідей тұжырымдауға болады:

1. Алланың барлығы: Әлем және оның ішіндегі болмыстар Алла тарапынан жоқтан жаратылды. Аспан денелерінің және барша дүниенің ешбір кемшіліксіз, жүйелі түрде жаратылуы, болмыстың бір күйден екіншісіне ауысып отыруы, сәбидің көркем бейнеде ана құрсағынан шығуы білушілердің білушісі және ғибрат иесі ұлы жаратушының барлығын көрсететін ашық айғақтардан болып табылады. Ақыл дауылды толқындарда ауыр жүк тиелген кеменің бір капитансыз дұрыс бағыт алуының мүмкін еместігін қалай қабылдаса, бұл әлемнің де бір жаратушысыз бар болуын соншалықты мүмкін емес деп біледі [16]. Әрбір адам осы нәрселер төңірегінде ойлана отырып, Алланың барлығына байланысты ақиқатқа қол жеткізе алады. Осы себепті діни уағыз жетпегеннің өзінде әрбір ақыл иесі адам баласы Алланың барлығына, бірлігіне, ұлылығына сенуге міндетті.

2. Пайғамбарлық: Пайғамбарлықтың ақиқаттығы, пайғамбардың берген хабарларындағы дұрыс айтқандарына байланысты жәйттің Алла тарапынан адамдардың жүрегінде жаратылуымен белгілі болады. Пайғамбарлардың көрсеткен муғжизалары ақиқат. Хз. Пайғамбардың саусағымен айды екіге айырғаны және миғражға шығуы осыған ұқсас жағдайлардан болып табылады. Пайғамбарлар Аллаға серік қоспайды, кіші және үлкен күнәлар жасамайды [17, 43 б.].

3. Иман – Күнә мәселесі: Әбу Ханифаның ойынша иман тілмен, айтып, жүрекпен бекітуден тұрады. Амал иманның бір бөлігі емес, одан кейін келетін нәрсе. Адам иманының күшімен Аллаға құлшылық етеді, ораза ұстайды, қажылыққа барады. Намаз оқып, ораза ұстағандығына немесе қажылыққа барғаны үшін иман етпейді. Шындығында Құран-Кәрімде иман амалдан бөлек қарастырылған. Амалы жоқ адамға да мумин деген. Иман ете тұрып парыз амалдардан біреуін орындамаған адам күнәһар болады және бұл ісін халал деп есептемейінше күнә жасау бір мұсылманды діннен шығармайды. Оның азап көруі немесе кешірілуі Алланың қалауында [17, 40 б.].

Ханафи мазһабының негізін салушы Әбу Ханифа Ислам әлемінде туындаған саяси,

дүниетанымдық және сенімдік бөлінулердің нәтижесінде әуелі Құран-Кәрімге, екінші оған қайшы келмейтін сахих хадистерге сүйеніп Ислам ақайдін (сенім негіздерін) белгілеуге әрекет жасаған ерте кезеңдегі ислам ойшылдарының көшбасында тұрған тұлғалардың бірі. Ол нақыл мен ақылды тең ұстаған. Оның ислам ақайдінің негізгі мәселелері төңірегіндегі көзқарастары ғалымдар арасында үлкен беделге ие болған. Матуриди мазһабынан бастап салафилер мен ашари ғұламалары тарапынан жалпы мағынада қолдау тауып, әрі қарай дамытылған. Ислам дініне қарсы топтармен Әбу Ханифа Алланың барлығын дәлелдеу үшін алғаш рет рационалистік әдістерді қолданды. Әлемнің «еш нәрседен» жаратылғанын айтып Алланың сыртқы дүниедегі (әлемдегі) бір болмыс екенін де бірінші болып Әбу Ханифа айтқан. Амалдың иманнан бөлек екенін және артып, кемімейтінін ортаға қою арқылы Салафия, Мутазила және Харижиттерге қарсы келген. Осылайша ол ислам ақайдінің негізгі мәселелерінде шектен шықпай, орта жолды ұстанған теологиялық жүйенің іргетасын қалаған және көпшіліктің ұстанатын Сунниттік қалам мектебінің қалыптасуына алғышарт жасап берген. Әбу Ханифаның көзқарастарын Әбу Жафар әт-Тахауи және шәкірттерінің шәкірттері болып келетін Әбу Мансур әл-Матуриди мен Әбул-Муин ән-Насафи дамытып, таратқан. Сенімдік мәселелерде ұстанған әдісі тұрғысынан және қамту жағынан Әбу Ханифадан үлгі алған Матуриди оған әлсін-әлсін сілтемелер беріп отырған және оның пікірлерін өз көзқарастарына тірек еткен. Әбул Муин ән-Насафи Самарқанд ғұламаларының Әбу Ханифаның көзқарастарын мазһаб халіне әкелгенін айтады [18]. Уақыт өте Матурийдің ізбасарлары тарапынан дамытылған Әбу Ханифаның сенімдік (ақида) көзқарастары қазіргі кезге дейін келіп жеткен. Қазіргі таңда Ханафи мазһабы оның көзқарастарын ұстанатын Матуридилік атымен көпшілікке танымал.

Қорытынды

Мақалада Ханафи мазһабының пайда болып, дамуына және діни-дүниетанымдық негіздеріне тоқталып, оның өзіндік ерекшеліктерін айқындауға талпыныс жасадық. Соның барысында төмендегідей түйіндер жасадық.

Ханафи мазһабының қалыптасуына Рәй мектебінің ықпалы зор болды. Рәй мектебінің

ерекшелігі, бір діни мәселе бойынша Құран мен Сүннетте үкім табылмаған жағдайда арнайы әдістер арқылы жеке көзқарастарына сүйеніп мәселені шешетін. Осы дәстүрді Ханафи мазһабы одан әрі дамытып жетілдіре түседі. Бұл мазһаб көбіне араб емес қауымдар арасында кеңінен таралған. Мұның себебі Ханафилік діннің практикалық жағын түсіндіруде Рәй мен ижтиһадты бірінші орынға қойып, араб қоғамына тән дәстүрлерді жеңілдеткен және басқалардың оңай түсініп, қабылдаулары үшін ыңғайланған дүниетанымдық жүйені қалыптастырған. Ханафи мазһабында ижтиһадқа негізделген ойлау жүйесіне мейлінше еркіндік берілген. Заман ағымы мен мәдени-әлеуметтік ортаны, дүниетанымдық ерекшеліктерді, салт-дәстүр мен әдет ғұрыптарды ескере отырып, Ханафи ғұламалары ижтиһад жасаған және осылайша исламды өмірден, қоғамнан аластатпай, оны керісінше өмірлік тәжірибеге бейімдеген.

Ханафи ғұламаларының діни үкімдер шығаруда хадис және сүннетке деген ұстанымдарының басқалардан әдіснамалық тұрғыдан айырмашылығы бар. Бұл ерекшелік дінде дәлел ретінде көрсетілген хадис пен сүннетті Құранның таразына салу, қайшы келген жағдайда қабылдамау болып табылады. Мұның себебі, сол дәуірде жалған хадис шығару әрекеттері кеңінен таралған болатын және одан сақтанудың бірден-бір жолы Құран негіздерін басшылыққа алу еді. Бұл әдіс ешбір ислам ғалымы тарапынан жоққа шығарылмаған. Ханафилерді өз замандастары хадис мәселесінде оған қайшы әрекет етті, тіпті оны жоққа

шығарды деп айыптаған. Бұл пікірлердің көбі негізсіз және субъективті екені деректерден белгілі. Ханафи ғұламалары хадис және сүннетті алуда ең әуелі оның адамдарға жеңіл, ыңғайлы келетін жақтарына назар аударған. Бұл жерде олар Құрандағы «Алла сізге жеңілдікті қалайды, қиыншылық емес» деген аятымен, пайғамбардың «Дінінің ең абзалы жеңіл болғаны» деген хадисін басшылыққа алады.

Ханафи мазһабы исламдағы құқықтық мектептердің бірі болғанымен, тек қана құқықтық мәселелермен емес, соның ішінде ақида, сенім негіздеріне қатысты мәселелерде де өз көзқарастарын ортаға қойған мазһаб болып табылады. Бұл жерде Әбу Ханифаның көзқарастары маңызды орынға ие. Әбу Ханифаның ислам ақидына қатысты көзқарастарының сунниттік каламның қалыптасуына үлкен әсері болды. Оның пікірлерінің кейбір суннит каламшылары және Бухари сияқты салафиттік түсініктегі хадис ғалымдары тарапынан сынға ұшырауы, тіпті дінге қайшы келді деген айыптаулар тағылуы Әбу Ханифаның рационалдық ойлау жүйесіне үлкен мән берген, бұл әдісті діни мәтіндерді түсінуде қолданған исламның ерте кездегі жаңашыл ойлау жүйесіне ие ғұлама екенін көрсетеді. Оған бағытталған сыни көзқарастарды бұдан басқаша түсіндіру мүмкін емес сияқты. Өйткені оның сенім негіздеріне (ақида) қатысты көзқарастарының өзінен кейін қалыптасқан Сунниттік калам мектептері ішіндегі Матуридилікке бағыт бергені және әһли суннаның сыртына шықпағаны белгілі.

Әдебиеттер

1 Baytenova. N.Zh. Kazakstan Prezidentinin «Zhana Alemdegi Zhana Kazakstan» atti zholdauindagi Kazakstandagi konfessiayaralik kelisim madeniyeti // Orkenietter suhbatin damituda Kazakstan Madenietaralik jane konfessiaralik kelisimnin alemdik ortaligi retinde: Halikaralik gilimi praktikalik konferencianin materialdari. – Almaty, 2007. – 3-7 bb.

2 Dini kizmet jane dini birlestikter turali // Egemen Kazakstan, 15 Kazan, 2011j.

3 Islam Ansiklopedisi. – Ankara, 2004. – C. 29. – S. 526 s.

4 Islam Ansiklopedisi. – Istanbul, 1994. – C. 10. – S. 520.

5 Islam Ansiklopedisi. – Istanbul, 1997. – C. 16. – S. 555 s.

6 Islam Ansiklopedisi. – Istanbul, 2000. – C. 21. – S. 432.

7 Karaman H. Islam Hukukunda Ictihad. – Ankara, 1985. – S. 15.

8 Necib Taylan. Ilim Din Iliskileri, Sahalari, Sinirlari. – Istanbul, 1979. – S. 249.

9 Islam Ansiklopedisi. – Ankara, 2002. – C. 25. – S. 529.

- 10 Islam Ansiklopedisi. – Istanbul, 2001. – C. 23. – S. 329.
- 11 Hayreddin Karaman. Islam Hukukunda Ictihad. – Ankara, 1988. – S. 135.
- 12 Ozdemir Mehmet Niyazi. Turk Devlet Felsefesi. – Istanbul, 1993. – S. 13.
- 13 Ibn Hazm. el-Ihkam fi Usulil-Ahkam. – Misir, 1969. – S. 81.
- 14 Ebu Hanife. El-Alim vel-Muteallim. – Istanbul, 1981. – S. 12.
- 15 Seybani. Kitabul Asar. – Luckno, 1934. – 327 s.
- 16 Seybani. El-Muvatta (Imam Malikin Muvattainin Seybani Rivayeti). – Beyrut, 1987. – 379 s.
- 17 Beyazizade. Imam-I Azam Ebu Hanifenin Itikadi Gorusleri. – Istanbul, 2000. – 182 s.
- 18 Neseфи. Tebsiratul Adille. – Dimask, 1993. – C. 1. – S. 148-149.
- 15/03 ГФ2 "Исламдағы толеранттылық дәстүрі"